

**«6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Оспанов Ерболат Бериковичтың - «Х.А. Алпысбаевтың ғылыми ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШҚИРІ**

| Р/н № | Критерийлер   | Критерийлер сәйкестігі   | Ресми рецензенттің ұстанымы  |
|-------|---|--|--|
| 1.    | <p>Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p> | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>   | <p>Диссертант Оспанов Ерболат Бериковичтың - «Х.А. Алпысбаевтың ғылыми ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры» атты диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және «Тарихи-мәдени мұра», «Рухани жаңғыртуға» бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Ұсынылған жұмыста Қазақстанның тас ғасырын зерттеуге үлкен үлес қосқан және осы саланың негізін қалаушы Х.А. Алпысбаевтың өмірбаяны мен ғылыми ізденістеріне арналған.</p> |
| 2.    | <p>Ғылымға маныздылығы</p>  | <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br/>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br/>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бөкіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>  | <p>3) Е. Б. Оспановтың докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бөкіткен Ғылым дамуының 8-бағыты «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.</p>  |
|       | <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.</p>                                    | <p>Кез-келген ғылым саласының негізін қалаушысы және зерттенушісі болады. Сол салада өмірін арнаған көрнекті тұлғалардың ғылыми еңбек жолы мен өмірбаяны жайлы білмей ол тұлғаның ғалым ретінде қалыптасу жолын түсіну мүмкін емес. Сондай тұлғалардың бірі Қазақстанның тас дәуірі кезеңі мен мәдениеттерін зерттеген, көрнекті ғалым Хасан Алпысбайұлы Алпысбаев еді. Ғалым осы салада өзін ұстаз, ұйымдастырушы, Қазақстан палеолитінің негізін қалаушы ретінде танымал болды. Жас кезінен ғылымға құлшыныс жасаған Хасан Алпысбайұлы еліміз бен шет елдерге белгілі ғалымдардан дәріс алып, далалық тәжірибеден өтті. Сонымен қатар өзінің кандидаттық диссертациясын жазу барысында одақтық ғылыми-зерттеу институттары</p> |  |



|                                |  |  |
|--------------------------------|--|--|
|                                |  | <p>мен мекемелері іс-тәжірибеден өткен. Ізденуші Оспанов Ерболат Х.А. Алпысбаевтың жеке тұлғасын зерттеу барысында отандық және алыс жақын шетелдік архив қорларын пайдаланған. Диссертацияны жазу барысында</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚР ЖБҒК «Ғылым ордасы» архивіндегі Х.А. Алпысбаевтың жеке дербес №Ф81.ОП1 қоры.</li> <li>2. РҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының архиві.</li> <li>3. Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының архив материалдары пайдаланылған.</li> </ol> <p>Ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосатын, маныздылығын ашылған еңбек.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>2.1. Қосады, маныздылығы ашылған</li> </ol>   |
| <p>3. Өзі жазу принципі</p>    | <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>                                      | <p>Е.Б. Оспановтың диссертациялық жұмыс жазу барысы мен стильдік жүйесі бар. Диссертациялық жұмысында пайдаланған ғылыми әдебиеттер мен архивтік материалдар жүйеленіп, талданып, сараланып, берілген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3.1. Жазу деңгейі жоғары</li> </ol>  |
| <p>4. Ішкі бірлік принципі</p> | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>           | <p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігінің негіздемелері:</p> <p>Х.А. Алпысбаевтың өмірбаяны мен ғылыми шығармашылығына сараптама жасай отырып, өзімен замандас ғалымдардың еңбектерімен салыстыру жасалған.</p> <p>Тас ғасыры ғылымының қалыптасуы мен даму жолдары мен тарихына тоқталып өткен.</p> <p>Х.А. Алпысбаевтың ғылыми зерттеулері мен шығармашылығындағы көзқарастары және ой тұжырымдары жан-жақты ашып көрсетілген, ғалымның Қазақстанның тас ғасыры саласында ашқан жаңалықтарының қазіргі кезеңге дейінгі өміршеңдігі мен өзектілігін айқындаған.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>4.1.1. Жоғарыда қойылған талаптар бойынша диссертацияның өзектілігі негізделген.</li> </ol> |
|                                | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol> | <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Жұмыстың мазмұнындағы барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық жағынан байланысты, тақырыптың мақсаты мен міндетін ашады.</p> <p>Ғылыми жаңалығы мен келтірілген тұжырымдары ізденушінің зерттеу жұмысында нақты айқындалып, көрсетілген.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>4.2.1. Айқындайды</li> </ol>   |



|                                      |   |  |
|--------------------------------------|---|--|
|                                      | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>  | <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант Х.А. Алпысбаевтың археологиядағы ғылыми ізденістерін, оның ғылыми-педагогикалық қызметін кешенді әрі жүйелі түрде көрсеткен. Ізденуші жұмысты орындау барысында кезделген міндеттердің барлығын өз деңгейінде жеткізген. Х.А. Алпысбаевтың өмірбаяны мен ғылыми шығармашылық және педагогикалық қызметіне тоқталған. Ғалым шығармашылығының көпшілікке беймәлім тұстарын ашып көрсете білген. Ізденуші Хасан Алпысбаевтің Костенки-стрелецкая мәдениеті мен жартаас суреттерін (петроглифтер) зерттеуге коскан үлесі жайлы жеке тоқтала өтіп. Х.А. Алпысбаевты тек тас ғасыры дәуірін ғана емес басқа кезеңдерді де зерттеуге үлес коскан кәсіби археолог ретінде көрсете алды. Сонымен қатар Х.А. Алпысбаев ашқан ескерткіштерінің ғылымда осы күнге дейін манызға ие екенін көрсетіп, оларға шетелдік ғалымдарының қызығуы жайлы деректер келтірген.</p> <p>4.3.1 Сәйкес келеді</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен логикалық тұрғыдан байланысқан. Ізденуші жұмысты жазу барысында әр бөлім мен тараушаларға қортынды жасап отырған. Ғалымның еңбектері мен архив құжаттарын жіктеп, тарихнамалық материалдарды да топтарға бөліп сараптама жасап, қолданған. Диссертациялық жұмысты орындау жолында Х.А. Алпысбаевтың мұрағат архив деректері мен зерттеу еңбектеріндегі ой-тұжырымдарын талдаудан өткізе отырып, өзара сабақтастықты бұзбай пайдалануға ұмтылыс жасаған.</p> <p>1. Толық байланысқан</p> |
|                                      | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>  | <p>Е.Б. Оспанов өз жұмысында тарихи фактілерге негізделген ойларға тұжырымдама жасап, мазмұнын баяндап берген. Диссертация жұмысында қолданған материалдарды өңдеу және талдау сәттерінде методологиялық әдіс-тәсілдерді қолданған. Тақырыптың өзіндік ерекшелігіне байланысты тарихи-биографиялық әдіс кенінен қолданылған.</p> <p>1. сыни талдау бар;</p>  |
| <p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p> | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> | <p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған, алынған ғылыми нәтижелер мен пікірлер толығымен жаңа деп бағалауға болады. Х.А. Алпысбаевтың өмірге келген сәтінен бастап, алғашқы білім алған университеті мен ғалым ретінде қалыптасқан ортасы ұстаздары, ғылыми қызметі мен ғалымның шығармашылық ғылыми мұрасы алғашқы рет кенінен осы диссертациялық жұмыста ашылып зерттелген.</p> <p>1. жартылай жаңа</p>  |



|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма?<br/> 1) толығымен жана;<br/> 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);<br/> 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>  | <p>Х.А. Алпысбаевтың өмірбаяны мен ғылыми жолы диссертациялық жұмыстың әрбір бөлімі бойынша толыққанды, тиынақты жұмыс жасатаны байқалады. Диссертациялық жұмыста қолданған деректер мен ұсыныстар тәжірибелік манызға ие. Зерттеудің талдауы, жүйелік сипаты, теориялық пікірлер мен сұрақтар және тәжірибелік негізделгендіктері байланысы диссертация қорытындыларының ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайы, дәрежесі жоғары, жана ақпараттар таралынан қарастырылған.<br/> 1) толығымен жана;</p>  |
| <p>6. Негізгі қорытындыларды негізділігі</p>     | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?<br/> 1) толығымен жана;<br/> 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);<br/> 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p> <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> | <p>Диссертациялық жұмыс «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша өзіндікпен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың бөлімдерінің сонында келтірілген қорытындылар ғылыми тұрғыдан алғанда көлемді, жан-жақты дәлелдемелермен негізделген. Әрбір бөлімдер мен тараушалардың ішкі сипаты қорытындыда ауқымды негізделген және қысқаша тұжырымдайды.</p>   |
| <p>7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p> | <p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br/> 7.1 Қағидағ дәлелденді ме?<br/> 1) дәлелденді;<br/> 2) шамамен дәлелденді;<br/> 3) шамамен дәлелденбеді;<br/> 4) дәлелденбеді<br/> 7.2 Тривиялды ма?<br/> 1) ия;<br/> 2) жоқ<br/> 7.3 Жана ма?<br/> 1) ия;<br/> 2) жоқ<br/> 7.4 Қолдану деңгейі:<br/> 1) тар;<br/> 2) орташа;</p>   | <p>Зерттеу жұмысында Оспанов Е.Б. ғылыми мәселені арқау етіп қоя білген.<br/> 1-қағидағ бойынша диссертациялық жұмыста Х.А. Алпысбаевтың өмірбаяны зертленіп, диссертант алғашқылардың бірі болып ғылымның Ташкент қаласында Орталық Азия университетінде білім алғанын, Кеңестік ірі ғалымдар М.Е. Массон, А.П. Окладниковтардың Алпысбаевтың археолог ретінде қалыптасуына үлес қосқанын көрсете білген.<br/> 7.1. Дәлелденді<br/> 7.2. Тривиялды емес<br/> 7.3. Қағидағтар жана<br/> 7.4. Қолдану деңгейі кен<br/> 7.5. ия<br/> 2-қағидағ бойынша диссертант алғаш рет Х.А. Алпысбаевтың кандидаттық диссертациясын қорғауы жайлы бізге беймәлім тарихи деректерді ұсынып, сол деректерді ғылыми айналымға енгізе білді.</p> |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  | <p>3) кен<br/>7.5. Мақалада дәлелденген бе?<br/>1) иә;<br/>2) жоқ</p> | <p>7.1. Дәлелденді<br/>7.2. Тривиалды емес<br/>7.3. Қағидағтар жаңа<br/>7.4. Қолдану деңгейі кен<br/>7.5. Иә</p> <p>3- қағидағ бойынша диссертаңт Хасан Алпысбаевтың Қостәнки-стрелецкая археологиялық мәдениетінің ерекшеліктерін айқындап берген ізденістеріне баға берді.<br/>7.1. Дәлелденді<br/>7.2. Тривиалды емес<br/>7.3. Қағидағтар жаңа<br/>7.4. Қолдану деңгейі орташа<br/>7.5. жоқ</p> <p>4-қағидағ бойынша диссертаңт Х.А. Алпысбаевтың өз замандағы ашқан жаңалықтарын саралай отырып, оның ой-тұжырымадары мен концептуалды ойларына ғылыми-аналитикалық жұмыс жүргізіп, Буразия аумағындағы палеолиттік мәдениеттер бойынша нақты тұжырымдамағар жасап, олардың Орталық Азия аумағындағы палеолиттік нысандармен ұқсастығы мен өзіндік ерекшеліктері жайына тоқталып өткен.<br/>7.1. Дәлелденді<br/>7.2. Тривиалды емес<br/>7.3. Қағидағтар жаңа<br/>7.4. Қолдану деңгейі кен<br/>7.5. Иә</p> <p>5- қағидағ бойынша диссертаңт Х.А. Алпысбаевтың ұйымдастурышылық қабілетіне, ғылыми ашылымдарына анализ жасай отырып Хасан Алпысбаевты көпшілікке тек қана тас ғасыры маманы емес жартастағы суреттер мен ерте темір, қола дәуірі ескерткіштерінде жүргізіген зерттеуші жағынан көрінгендігі және жұмыстарының нәтижелерін сараптағай ала білетіндігін айқындап көрсете білді.<br/>7.1. Дәлелденді<br/>7.2. Тривиалды емес<br/>7.3. Қағидағтар жаңа<br/>7.4. Қолдану деңгейі кен<br/>7.5. Иә</p> <p>6- қағидағ бойынша Х.А. Алпысбаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі педагогикалық қызметіне тоқтаған.<br/>7.1. Дәлелденді</p> |
|--|---|---|



|  |  |   |
|--|--|---|
|  |  | <p>7.2. Тривиалды емес<br/> 7.3. Қағидаттар жана<br/> 7.4. Колдану деңгейі кен<br/> 7 - қағидағ бойынша Х.А. Алпысбаевтың палеолит, мезолит және неолит ескерткіштеріндегі зерттеу жұмысы жайлы хронологиялық тұрғыда тоқтала келе, Қаратау жотасы тас ғасырдың үлкен ошақтарының бірі екенін дәлелдей білді. Х.А. Алпысбаевтың Қаратау жотасындағы ашулардың негізінде еліміздің тас ғасыры кезеңіне өзге ғалымдарда қызығушылық тудыртып қана қоймай оның даму түсуіне алып келді.</p> <p>7.1. Дәлелденді<br/> 7.2. Тривиалды емес<br/> 7.3. Қағидаттар жана<br/> 7.4. Колдану деңгейі кен<br/> 7.5. Иә</p> <p>8 - қағидаға Х.А. Алпысбаев ашқан, ғылыми айналымға енген белгілі палеолиттік Бөріқазған, Тәңірқазған, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ, неолиттік Қараүңгір секілді бірқатар ескерткіштердің материалдарының ежелгі Қазақстан тарихын оқу мен игеру мүмкін емес. Қазіргі таңдағы зерттеушілер оның ғылыми ізденістерінен аттап кете алмайды. Осындай жәйттер Х.А.Алпысбаевтың ғылыми мұрасы өзектілігінің мүлдем жоғалпағандығын нақты көрсетеді.</p> <p>7.1. Дәлелденді<br/> 7.2. Тривиалды емес<br/> 7.3. Қағидаттар жана<br/> 7.4. Колдану деңгейі кен<br/> 7.5. Иә</p> |
| <p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p> | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br/> 1) иә;<br/> 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> | <p>Диссертацияны жазу барысында деректанулық, тарихнамалық, тарихи-археологиялық, онтологиялық, проблемалық-хронологиялық, сипаттау, тарихи-генетикалық, логикалық (анализ, синтез, индукция), тарихи-салыстырмалы секілді жалпыға белгілі тарихи талдау әдістері жүйесіне сүйеніп нақты жазылған.</p> <p>Диссертациялық зерттеу жұмысы жеке тұлғаның өмірі мен ғылыми қызметіне арналғандықтан, тақырыптың спцификалық ерекшелігіне сай, компьютерлік технологиялар қолданылмаған.</p> <p>1. Иә</p>  |

|                          |  |   |
|--------------------------|--|---|
|                          |  |   |
| <p>1) ие;<br/>2) жоқ</p> | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br/>1) ие;<br/>2) жоқ</p> | <p>Диссертациялық жұмыста теориялық тұжырымдар мен қорытындылар өзара байланысты. Зерттеу жұмысының мазмұнында тақырыптың ашылу дәрежесі эксперименттік зерттеулер негізінде дәлелденген.</p> <p>1. Ие</p>  |
|                          | <p>8.4 Мамызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>   | <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың мамызды мәліметтерін растайтын РҒА ИМТИ Мұрағаты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының архиві құжаттары, ҚР ЖБҒК «Ғылым ордасы» архивіндегі Х.А. Алпысбаевтың жеке №Ф81.ОП1 қоры. диссертациялық жұмыстар, арнайы тақырыптық зерттеулер, ТМД елдерінің ғалымдарының зерттеулері, мерзімді баспасөздер секілді көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған.</p>   |
| <p>9</p>                 | <p>Практикалық құндылық принципі</p>   | <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br/>1) ие;<br/>2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br/>1) ие;<br/>2) жоқ</p>  |
|                          |  | <p>Диссертация жұмысының теориялық маңыздылығы бар. Х.А. Алпысбаевтың өмірі, ғылыми шығармашылық жолы мен қызметі зерттеудің мазмұнында толық ашылған және алдына қойылған мақсат-міндеттері толыққанды орындалған. Зерттеудің жұмыс барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптері келешекте басқа да зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.</p> <p>1. Ие</p> <p>Зерттеуде алынған нәтижелерді практикада қолдануға болады. Зерттеу нысаны Қазақстан тас ғасыры археологиясы ұлттық мектебінің негізін қалаушы, белгілі ғалым – Х.А. Алпысбаевтың өмірі, елімізде археология ғылымының қалыптасып, дамуына, оның өзекті мәселелерін шешуге арналған ой-пікірлері, ашқан жаңалықтары мен қалдырған мол ғылыми мұрасы – мақалалары, монографиялары, қолжазбалалары және ғылым жайлы жазылған мақалалар, диссертациядағы материалдарды студент,</p> |



|                               |  |  |
|-------------------------------|--|--|
|                               | 9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?<br>1) толығымен жана;<br>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);<br>3) жана емес (25% кем жана болып табылады) | Магистрант, докторанттарға дәріс оқу барысында және арнайы зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.<br>1. Ие<br>Зерттеу жұмысының практикалық ұсыныстары жана болып табылады<br>1) толығымен жана;   |
| 10. Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен.   | Жұмысты академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстың құрылымы талаптар бойынша онтайлы жүйеленген. Бөлімдер мен тараулар ұтымды пропорция бойынша жіктелген. Кіріспе мен қорытынды бөлім мазмұны, көлемі тұрғысынан негізді әрі дәйекті жазылған. Әдебиеттердің пайдаланылуы, ғылыми мақалалар мен диссертациялық зерттеу қортындылары сауатты, орынды, орнықты және нанымды келтірілген.<br>Диссертация техникалық жағынан редакциялауды қажет етеді. Кейбір сөйлемдерде әсерлеуші терминдер жиі орын алады. Мәтіндегі сөз байланыстарын ғылыми жүйелеу қажет. Дегенмен осы келтірген кемшіліктерді жуық арада түзетуге болады деп ойлаймын. |

Оспанов Ерболат Бериковичтың «Х.А. Алпысбаевтың ғылыми ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры» тақырыбына дайындаған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қатидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтанда, докторантқа «6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім ұсынамын.

Ресми рецензент: Талеев Дөкей Әбдікерімұлы  
Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының  
жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к.

